



Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

КІТАПХАНА

Зерттеушілерді қолдау офисі

БІЛІМ ОРДАСЫ – 90 ЖЫЛ

Библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе - 2025

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

Кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

БІЛІМ ОРДАСЫ – 90 ЖЫЛ

Библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Б 94

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне – 90 жыл
толуына орай библиографиялық көрсеткіш/ бас. жауапты Жұмабаев К.С.,
құраст. Шадманова Г.Қ.. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің ғылыми кітапханасы. 2025. – 15 бет.**

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне 90 жыл толуына орай жасақталды.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті — Батыс Қазақстандағы көп салалы іргелі жоғары оқу орны. Университет 90 жылдан бері Ақтөбе облысы, батыс, оңтүстік облыстары өндірісінің сұранысына сай мамандар даярлап келеді.

Елбасы Н.Назарбаев Ақтөбе қаласына арнайы сапар кезінде университетте болып «Сіздер білім алып жатқан университет білім үшін, тұтастай алғанда лингвистика үшін, қазақ мемлекетінің тілі, мәдениеті, философиясы үшін қыруар іс тындырған ғалымның атында екендігі мақтаныш етуге лайық. Сіздердің міндеттеріңіз – осы заманғы талапқа сай білімді игеру» - деп, мақсат қойған болатын.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспиранттар мен оқытушыларға арналған.





Университеттің кешегісі мен бүгіні



УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің тарихы Қазақ КСР ХКК-нің 1931 жылдың тамызындағы жалпыға бірдей 7 жылдық білім беруді енгізу туралы, Қазақ КСР-і халық ағарту комиссариатының №163, 1934 жылғы 13 желтоқсандағы Ақтөбе облыстық БКП(б) бюросының № 65 қаулысы негізінде жоғары білім беретін екі жылдық Ақтөбе мұғалімдер институты ретінде ашылуымен басталады.

Институттың негізгі міндеті орта мектептер үшін жоғары білікті мұғалім кадрлар дайындау болып табылды.

Алғашқы директор қызметіне Залиев Нұғман бекітілді.

1935 жылы институттың алғашқы профессорлық-оқытушылық құрамы 1 профессор, 1 доцент, 10 оқытушы, барлығы 12 адамнан жасақталды.

Институттың мамандар дайындау қызметі 1935 жылдың 1-ші қаңтарында екі жылдық тарих, физика-математика және дайындық бөлімдерінің ашылуымен басталды. Алғашқы оқу жылына жоспарланған 70 студенттің орнына 81 студент, оның ішінде, тарих бөліміне – 33, физика-математика бөліміне – 35, дайындық бөліміне – 13 адам қабылданды.

1945 жылдың 14 сәуірінде институтқа Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ақын, жерлесіміз Нұрпейіс Байғаниннің аты берілді.



1947 жылы «Қазақ КСР-де арнаулы және жоғары білім беруді дамыту туралы» КСРО Министрлер Кеңесінің 1947 жылдың 16 қарашасындағы №75 қаулысына сәйкес Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институты базасында 2 жылдық қыздар педагогикалық институты ашылды.

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1958 жылдың 4 тамызындағы №1293-Р және Қазақ КСР Оқу ағарту министрінің 1958 жылдың 6 тамызындағы «Ақтөбе педагогикалық институты туралы» №169 бұйрығы бойынша жабылды.

1966 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 15 сәуірдегі № 261 қаулысымен Ақтөбе педагогикалық институтының болып қайта ашылды.

Алғашқы екі факультетте, яғни физика-математика және филология факультеттерінде күндізгі бөлімде - 250, сырттай бөлімде - 100 студент физика және математика, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша білім алды, 23 оқытушы, оның ішінде 4 ғылым кандидаты мен доценттер сабақ берді.

Қазақ КСР - і Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 23 ақпандағы № 72 қаулысымен Ақтөбе педагогикалық институтына қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры, лингвист-ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі берілді.



Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 573 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 163 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетіне мемлекеттік мәртебе берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы №128 қаулысы бойынша құрамынан Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бөлініп шығуына байланысты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті қайта құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы №529 Қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бірігуі арқылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті болып қайта бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы №752 қаулысына сәйкес «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып құрылды.



ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ



МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Құдайберген Жұбанов 1899 жылы қазіргі Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданындағы Қосуақтам деген ауылда дүниеге келді. Бала кезінде ауыл молдасынан сауат ашып, араб-парсы тілдерін үйреніп, өз ізденісімен білімін толықтырған.

Ол 1914 жылы Орынбордағы Хұсайния медресесінде оқығанда шығыс мәдениеті мен білімін тануға

мүмкіндік алса, екі класты орыс мектебінде оқыған кезінде орыс тілі арқылы европа мәдениетімен танысады. Оқу-ағарту, ғылым саласындағы алғашқы еңбек жолын Ақтөбе педтехникумында мұғалім, Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінің методист-инспекторы қызметінен бастап, одан кейін Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институтының профессоры, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология факультетінің деканы болып жұмыс жасайды. Ол 1929 жылы Петербургтағы Шығыс тілдері институтының түркологиялық бөлімінде, кейіннен аспирантурада оқуын жалғастырып, өзін дарынды түрколог ғалым ретінде таныта білді. Полиглот ғалым Жұбанов институтта профессор бола жүріп, кафедра меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясындағы Қазақ филиалының лингвистика секторының меңгерушісі, «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» бас редакторы, Қазақ ССР Халық ағарту Комиссариаты коллегиясының мүшесі және осы мекеме жанындағы методика, программа, оқу құралдары секторының меңгерушісі,



Мемлекеттік терминология комиссиясының председателі, терминология комиссиясы бюллетенінің редакторы, Ұлттар мәдениеті институты ғылыми кеңесінің мүшесі, «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы болып, бірнеше жұмысты қатар атқарды. Латын графикасына көшірілген қазақ әліпбиі мен жазуын жетілдіруге де белсене араласты. Сол кезде Құдайберген Жұбановтай талантты адам жетіспейтіндіктен осыншама міндетті бір өзі атқарған еді.



Хронологиялық көрсеткіш

2005

1. Ханов А. Актюбинский государственный университет им.К.Жубанова. Залог профессионализма выпускника- живая связь с производством / А. Ханов. // Столичное образование. - 2005. - №: 1-2. - С. 53-57.

2007

2. Кенжебаев К. Актюбинский Государственный Университет им.К. Жубанова / Кенжегали Кенжебаев. // Нефть и газ. - 2007. - №3. -с.3-6.
3. Экономика факультеті: табысты жылдар, тартымды істер. – Ақтөбе, 2007, бет 133.

2008

4. Арцишевский А. Постулаты академика Кенжебаева. // Наука и образование Казахстана. 2008, №3, стр 27-31.
5. Сакенова Ж. Дарить – так дворец! // Наука и образование Казахстана. 2008, №3, стр 32-33.

2009

6. Елінін адал перзенті: Қ.Жубановка - 110 жыл// Ақтөбе университеті. - 2009. - қыркүйек №14-15. - С. 3 бет.
7. Трехъязычие- норма молодого казахстанца. // Актюбинский университет. - 2009. - №: 17 октября.



8. Баймуханов Б.Ш. Профессор Қ.Жұбановтың психолінгвистикалық концепциясы дискурс түрінде. Тіл өмірі, өмір-тілде. // Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Ақтөбе, 2016 ж.
9. Білім беру ұйымдарындағы оқытудың жаңа әдістері: халықаралық интернет-конференцияның материалдары / Қ. Жұбанов ат. АӨМУ құрылғанына 50 жыл толуына арн. сырттай оқу фак. ұйымдастыруымен. Ұйымд. комитеті: К.К.Кенжебаев, С.А.Айпеисова, А.У.Бекбауова және т. б. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 380 бет.
10. Герман филологиясы. аударматану және шетел тілдерін оқытудың маңызды мәселелері: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50 жылдық мерейтойына арналған студенттік ғылыми - тәжірибелік конференциясының материалдары, 11сәуір 2016 ж. Актуальные проблемы германской филологии, переводоведения и методики преподавания иностранных языков: материалы студенческой научно - практической конференции, посвященной 50-летию Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова; 11 апреля 2016г. - Ақтөбе: Жұбанов атынд. Ақт. МУ, 2016. - 166 бет.
11. Жастар, ғылым және инновациялар атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы: ҚР Тәуелсіздігінің 25 ж. және Қ. Жұбанов ат. АӨМУ 50-жылдығына арн. 8 сәуір 2016 жыл. . Часть 1 / Бағд. комитет: К.К.Кенжебаев, А.У.Бекбауова. Қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 336 бет.



12. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50-жылдығына арналған: жастар, ғылым және инновациялар атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. 8-9 сәуір 2016 жыл / Ұйымд.: К.Ж.Туребаева, Г.Б.Жукенова, Б.Ж.Курманова және т. б. Қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 562 бет.
13. Пангереев А. Ш. Білім беру жолдары; проблемалары, даму бағыттары / А. Ш. Пангереев. // Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына арналған сырттай оқу факультетінің ұйымдастыруымен өтетін Білім беру ұйымдарындығы оқытудың жаңа әдістері тақырыбындығы халықаралық интернет-конференцияның материалдары. - 2016. - б. 4.
14. Парасат биігінде: Құдайберген Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті / Құраст.: К.А.Ниязбаев; Бас ред.: К.К.Кенжебайұлы. - Шымкент: Жебе баспаханасы, 2016. - 252 бет.
15. Тіл өмірі, өмір - тілде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық семинар материалды. Жизнь языка и язык в жизни материалы международного научно-практического семинара, посвященного 50-летию Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 346 бет.
16. Фольклор және ұлттық идея: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ құрылғанына 50 жыл толуына арн. халықаралық ғылыми конференция материалдары 20-21 қазан 2016 жыл / Ред. алқа: К.Ж.Туребаева, М.О.Миров, С.С.Мухтаров және т. б. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 530 бет.



2017

17. Арен Ж. Университеттегі жылы жүздесу / Ж. Арен. // Ақтөбе. - 2017. - 28 маусым. - 2. бет.
18. Нұрбаева А. Жұбанов дәрісханасы ашылды / А. Нұрбаева . - // Ақтөбе. - 2017. - №: 70(20.503) = 16 маусым. - бет. 10.

2018

19. Құсайын Т. Студенттер емханасы сапалы қызмет көрсетеді / Т. Құсайын. // Егемен Қазақстан. - 2018. - 26 шілде. - 4. бет.

2019

20. Байғұлқызы С. Спорт алаңы ашылды / С. Байғұлқызы. // Ана тілі. - 2019. - 11 қыркүйек. - бет. 2.

2020

21. Базылқызы Г. Студенттер алаңсыз оқиды / Г. Базылқызы // Ақтөбе. - 2020. - №: 83 = 30 шілде. - бет. 3.
22. Байғұлқызы С. Қ.Жұбанов атындағы білім гранты табысталды / С. Байғұлқызы. // Білімді ел. - 2020. - №: 22 = 9 маусым. - бет. 14.
23. Байғұлқызы С. 85 жылдыққа - 85 білім гранты / С. Байғұлқызы. // Білімді ел. - 2020. - №: 9 = 3 наурыз. - бет. 3.
24. Ердембеков Б. А. Баянды болашақтың бастауы: Құдайберген Жұбанов атындағы университетке 85 жыл // Білімді ел. - 2020. - №: 18 = 12 мамыр. - бет 8-9.



25. Ердембеков Б. Тағылымды тарих - жарқын болашақ бастауы: (Құдайберген Жұбанов атындағы университетке - 85 жыл) // Егемен Қазақстан. - 2020. - №: 112 = 11 мамыр. - бет 8.
26. Жұбанов феномені // Ақтөбе. - 2020. - №: 143 = 22 желтоқсан. - бет 3.
27. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне 85 жыл: университет шежіресі / ред.Б.А.Ердембеков,А.А.Айталы,Б.С.Абенова және т.б. - Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2020. - 258 бет.
28. Кичатая Е. Zhubanov university: реализация основных направлений развития / Е. Кичатая // Білімді ел. - 2020. - №: 35 = 15 қыркүйек. - бет. 13.
29. Қара шаңыраққа - 85 жыл: Жұбанов университетінің эко жүйесі 2017-2020. - Ақтөбе: АРГУ им.К.Жубанова, 2020. - 45 бет.
30. Қараша Г. Ғылымға арналған апталық / Г. Қараша. // Zhubanov university. - 2021. - №: 4 = 30 сәуір. - бет. 6-7.
31. Қараша Г. Техникалық факультет - тәуелсіздік құрдасы / Г. Қараша. // Zhubanov university. - 2020. - №: 12 = желтоқсан. - бет. 12-3.
32. Қараша Г. Zhubanov university Ұлы Отан соғысы жылдарында / Г. Қараша. // Zhubanov university. - 2020. - №: 5 = 29 мамыр. - бет. 10-11.
33. Садуақас Н. Жұбановтану саласының жаңа беттері // Zhubanov university. - 2020. - №: 12 = 31 желтоқсан. - бет 14-15.
34. Zhubanov university облыстағы тұңғыш ЖОО. // Zhubanov university. - 2020. - №: 12 = желтоқсан. - бет. 2-3.



2021

35. Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова: об университете. - Актобе: АРГУ им.К.Жубанова, 2021. - 51 с.
36. Студенттің ең жақыны. // Zhubanov university. - 2021. - №: 4 = 30 сәуір. - бет. 4-5.
37. Кичатая Е. Zhubanov university: высокий рейтинг - высокая ответственность / Е. Кичатая. // Білімді ел. - 2021. - №: 24 = 22 маусым. - стр. 5.

2022

38. Асанова А. Шәкірттерімнің бәрі есімде / А. Асанова. // Zhubanov university. - 2022. - №: 4 = 29 сәуір. - стр. 4-5.

